


Мектепалды даярлық «Ә» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Аманжиева А Ж

Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Балалардың жасы : 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 4-7 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеп тұрған таңғы радио: «Нұр төккен, гүл көктем» жайлы әңгімелесу Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету. Дидактикалық ойын: «Дала гүлдерін білесің бе?»	Үстел үсті театр ойыны: Еріншектер: Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балң үйрек сен де тұр, Орған терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр,	«Сәлем жаңа күн» Д/ойын : «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер, су, ауа. Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру.	«Табиғат мінезі» Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» «Көктем көрінісі» Мақсаты: көктем мезгілінің ерекшелігін білу. Шарты: суретке қарап әңгімелеу.	

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сөйлеп тұрған таңғы радио:</p> <p><i>«Нұр төккен, гүл көктем»</i></p> <p>жайлы әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Дала гүлдерін білесің бе?»</i></p> <p>Көрнекілігі: көктем мезгілі суреті. Слайд суреттер.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру.</p> <p>Технология: ақпараттық</p> <p>Интеграция: қатынас, Шығармашылық.</p>	<p>Үстел үсті театр ойыны: Еріншектер:</p> <p>Тық-тық, тық-тық,</p> <p>Тұр орыннан бас бармақ,</p> <p>Балң үйрек сен де тұр,</p> <p>Орған терек, сен де тұр,</p> <p>Шылдыр шүмек сен де тұр,</p> <p>Титтей бөбек қане тұр,</p> <p>Саусақтарым, ал жүгір.</p>	<p>« Сәлем жаңа күн»</p> <p>Д/ойын : «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер,су,ауа.</p> <p>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу.</p> <p>Еңбек тапсырмасы:</p> <p>Балықтарға жем шашу</p>	<p>«Табиғат мінезі»</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Бұл қай кезде болады?»</p> <p>«Көктем көрінісі»</p> <p>Мақсаты: көктем мезгілінің ерекшелігін білу.</p> <p>Шарты: суретке қарап әңгімелеу.</p> <p>Еңбек тапсырмасы: Кезекшілікті ұйымдастыру</p> <p>Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатыны туралы әңгімелеу.</p>	
--	--	--	---	--	--

	<p>Қостілділік: көктем – весна,</p> <p>Барысы: Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі, шөптесін өсімдіктер (4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы суретпен жұмыс жасау</p> <p>Мақал-мәтел: Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз</p> <p>Сергіту сәті: Әуен қойылады. Балалар ілесіп, қимылдар жасайды.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Біледі: Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы;</p> <p>Меңгереді: өсімдіктер (4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар</p>				
--	---	--	--	--	--

	туарлы білімдерін қалыптастыру				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	<p>Психомоторлық жаттығу:</p> <p><i>Тәулік бойы тынбайтын,</i></p> <p><i>Болайықшы ақ жаңбыр. (Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды)</i></p> <p><i>Астан-кестен жауатын,</i></p> <p><i>Өткінші енді біз жаңбыр.</i></p> <p><i>(Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіред)</i></p>	<p>Психомоторлық жаттығу:</p> <p><i>Әппақ болып таң атты,</i></p> <p><i>Түтін тіке шығады.</i></p> <p><i>Қарлығаштар қанатын</i></p> <p><i>Самғап биік ұшады.</i></p>	<p>Психомоторлық жаттығу:</p> <p><i>Күндей жадырап,</i></p> <p><i>Айдай арайлап,</i></p> <p><i>Жұлдыздай жадырап,</i></p> <p><i>Судай таза көңілмен,</i></p> <p><i>Бүгінгі күнімізді бастайық</i></p>	<p>Психомоторлық жаттығу:</p> <p><i>Сылдырлайды мөлдір су,</i></p> <p><i>Мөлдір суға қолыңды жу.</i></p> <p><i>Жуынсаңсаң сен әрдайым,</i></p> <p><i>Таза бетің, маңдайың.</i></p>	
	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Міндеті - Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру</p> <p>Мақсаты : Мамандықтармен таныстыру</p> <p>–Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Педагог балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді</p> <p>Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды.</p> <p>Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды.</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: - Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p>Мақсаты Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту</p> <p>«Жігіттер» (3 рет)</p> <p>Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону.</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Міндеті - Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру</p> <p>- Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>Мақсаты , сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»</p> <p>– Мен сендерге бір сөзі жетпейтін</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Міндеті: - - Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>Мақсаты төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»</p> <p>Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан</p> <p>басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон</p>	
---	--	---	--	--	--

	<p>Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды.</p> <p>Шопан болатын бала, Диқан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды.</p> <p>Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады</p>		<p>сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.</p> <p>Мысалы:</p> <p>Әкем балғамен шегені ... (шегеледі).</p> <p>Әжем шұлық ... (тоқыды).</p> <p>Көбелек гүлге ... (қонды).</p> <p>Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды).</p> <p>Құрылысшы кірпіш ... (қалады).</p> <p>Дәрігер науқасты ... (емдеді).</p> <p>Атам газет ... (оқыды).</p>	<p>(жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.</p>	
--	--	--	--	--	--

			<p>Балалар далада ... (ойнады).</p> <p>Әпкем ыдысты ... (жуды).</p> <p>Ағай күй ... (тартты).</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»</p> <p>Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.</p> <p>Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.</p> <p>Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы:</p>		
--	--	--	--	--	--

			<p>Әсем ойнап жүр.</p> <p>Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр.</p> <p>Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.</p>		
<p>Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»</p>					

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның, шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.

Ағайында арарармыз,

Еңбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы

Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара

Қалмай ұшып соңынан,

Ара қуды Мұратты.


-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,

Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



Ойын: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де аланның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанатын.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

	<p>Қоршаған орта</p> <p>Міндеті: - Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу</p> <p>Мақсаты Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрет</p> <p>Тәрбиеші саңырауқұлақ жайлы мәлімет береді. Балалар сендер білесіңдерме? Орманға шыққанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп отырғызып, балаларға табиғатқа серуенге барғандағы қауіпті деп</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту</p> <p>Мақсаты уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны</p> <p>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:</p> <p>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?</p> <p>Жылдың соңғы айы қандай?</p> <p>Қазаннан кейінгі қандай ай?</p> <p>Жаз айларын ата және т.б.</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>Міндеті: -Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау</p> <p>Мақсаты Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту</p> <p>. Демонстрациялық материалмен жұмыс</p> <p>Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші күндерін атауды сұрайды.</p> <p>«Жанды апта»</p>	<p>Қоршаған орта</p> <p>Міндеті: Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау</p> <p>Мақсаты . Таныс емес жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін түсіну.</p> <p>Проблемалық сұрақ: – Өмірде қауіпті заттар ғана емес, қауіпті адамдар да кездеседі.</p> <p>Қандай адамдарды қауіпті деп санауға болады?</p> <p>Балалар бейтаныс адамдардан келетін қауіп туралы талқылайды.</p> <p>Қорытынды: Өмірде мейірімді және жақсы адамдар өте көп, бірақ өкінішке орай, жаман адамдар да бар. Адамның</p>	
--	---	---	--	---	--

	<p>санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды, екінші орталықтағы балаларға қауіпсіз деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды ұсынады. Тәрбиеші ормандағы қауіпсіздік ережесі жайлы айтады.</p>	<p>«Жыл мезгілі»</p> <p>Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»</p> <p>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.</p> <p>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз</p> <p>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең</p> <p>Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.</p> <p>Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.</p> <p>Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.</p>	<p>дидактикалық ойыны</p> <p>1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:</p> <p>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.</p> <p>Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.</p> <p>-Барлық демалыс күндерін атаңыз.</p> <p>-Аптаның екінші күнін атаңыз.</p>	<p>сыртқы</p> <p>бейнесіне қарап, жаман ойлы екенін ажырата алмаймыз,</p> <p>өйткені жаман адам өте әдемі, мейірімді болып көрінуі мүмкін.</p> <p>Сондықтан барлық бейтаныс адамдардан алыс жүру керек</p> <p>Ойын жағдаяты: Педагог балаларға алдын ала дайындалған көрініс ұсынады.</p> <p>Перде ашылып, ұлттық киім киген әдемі әже шығып,</p> <p>мейірімді, сабырлы дауыспен былай дейді:</p> <p>– Қалқам, маған су берші, шаршап, шөлдеп қалдым. Сен</p> <p>қандай жақсы, мейірімді</p>	
--	---	--	---	--	--

				<p>баласың, көмектесші маған.</p> <p>Бала (үй иесі) есікті ашады, әжеге су ұсынады. Әженің орамалы шешіліп қалғанда, балалар мыстан кемпірді көреді.</p> <p>Ол қарқылдап күліп, балаға тап береді.</p> <p>Келесі көрініс: Әдемі Ханшайым есік қағып, телефонмен сөйлесу үшін кіруге рұқсат сұрайды. Бала есік ашқанда,</p> <p>перде ішінен қолында қылышы бар Ханшайым шығады.</p> <p>Қорытынды: Бөгде адамдарға сеніп, есік ашуға болмайды.</p> <p>Егер бейтаныс адам есікті қағып тұрып алса, есікті</p>	
--	--	--	--	--	--

				жұлқыласа, дереу полицияға хабарласу керек.	
--	--	--	--	---	--

Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Шегіртке.

Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,
Ән саламын ш-шырылдап:

-ш-ш-ш-ш-ш

Жоқ тұрақты мекенім,

Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін.

-ш-ш-ш-ш-ш

(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)

Қоңыз.

Тым қатулы кескіні,

Жақтырмаймын ешкімді,

Үлкен қара қоңыздың

Дауысы алыстан естілді:

-ж-ж-ж-ж-ж

Мұндай сұмдық бола ма?

Келе салып сонаға



Ойын: «Күн мен жаңбыр»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

Ойынның шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

Ұсыныс: Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына

Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге
 Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!»
 -ж-ж-ж-ж-ж
 Көбелек пен инелік
 Қалды тіптен именіп.
 Мұнды әуен басталды
 Шегірткеміз күйзеліп:
 -ш-ш-ш-ш
 Ызылдады ара да:
 -з-з-з-з-з
 Ызылдады маса да:
 -з-з-з-з-з
 Ал өрмекші үн түнсіз
 Жасырынды тасаға
 «Тыныштықты бүгінгі
 Келді дағы бүлдірді»-
 Деп қоңызға құмырсқа
 Өз ренішін білдірді.
 Ал қоңызға бәрібір,
Айтатыны: «Ары ж-ж-жүр!»
 Жанында еш досы жоқ,
 Гүж-гүж етіп әлі жүр.
 (Балақай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап
 ойнауға болады. Әр жәндіктің сөзін айтып болған соң,
 оның дыбысын салуды ұмытпа)



отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барындар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Қазақ тілі	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	
	Міндеті: - анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз	Міндеті - Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем	Міндеті - Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу	Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	

	<p>аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>- Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау</p> <p>- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию</p> <p>-- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p>	<p>шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту</p> <p>Мақсаты ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету</p> <p>Педагог: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды?</p> <p>Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді.</p> <p>Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді.</p> <p>– Ертегі ұнады ма?</p> <p>– Ертегіде кімдер бар?</p>	<p>арқылы сөздік қорларын толықтыру</p> <p>Мақсаты : Мамандықтармен таныстыру</p> <p>–Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Педагог балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді</p> <p>Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды.</p> <p>Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды.</p> <p>Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды.</p> <p>Жарықты жағатын бала, Шырақпен</p>	<p>Мақсаты өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.</p> <p>Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді</p> <p>Әже</p> <p>Еркелетіп ертемен Оятады ол мені.</p> <p>Таңғы таза ауамен, Тазалаймыз бөлмені.</p> <p>Ертегісі өзінің Таусылмайды не түрлі.</p> <p>Әжімдері көзінің Мейірімі секілді.</p> <p>Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен.</p> <p>Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен! (Әбубәкір Қайран)</p>	
--	--	---	---	---	--

	<p>Мақсаты –наурыз ашық хатының суретін салу, жапсыру</p>	<p>– Мынау – қолғап.</p> <p>– Мынау не? (Қолғап).</p> <p>– Бірінші кім келді? (Тышқан)</p> <p>– Тышқан қандай?</p> <p>– Тышқан кішкентай.</p> <p>– Екінші? (Бақа)</p> <p>– Бақа не деді?</p> <p>– Бақа не істейді?</p> <p>– Тышқан не деді?</p> <p>– Соңғы кім келді? (Аю)</p> <p>– Барлығы неше болды? (6)</p> <p>– Аю қандай?</p> <p>– Аю үлкен.</p> <p>– Аю қалай жүреді?</p>	<p>ойнайды.</p> <p>Шопан болатын бала, Диқан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды.</p> <p>Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады</p>		
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: « Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны.

Еліктеу ойындары:

“Кім жақсы айтады”

Р-р-р-ррр

ыы-ыыы

Ы-ы-



Гүлдерді иіскейік. Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.

Ойын: «Өзен»

Кішкене өзен арқылы.

Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді.

Көрнекіліктер: тақтай, жіп.

Шарты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Сауат ашу негіздері

Міндеті: - -
Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау

Музыка

Міндеті Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-

Музыка

Міндеті: -
Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктері

Дене шынықтыру

Міндеті: - Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

<p>жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>Мақсаты төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»</p> <p>Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларын керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап</p>	<p>тегжейлі ажырату қабілетін дамыту</p> <p>Мақсаты Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)</p> <p>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)</p> <p>Билер: «Киіз басу» («Келіншек»</p>	<p>н музыка арқылы жеткізе білуге үйрету</p> <p>Мақсаты Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктері н музыка арқылы жеткізе білуге үйрету</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)</p> <p>«Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p>	<p>Мақсаты Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту</p> <p>«Жігіттер» (3 рет)</p> <p>Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону.</p>	
--	--	--	--	--

<p>(қызык), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма</p> <p>(үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді),</p> <p>банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.</p>	<p>халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай)</p> <p>«Полька» (эстон халық биі)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>	<p>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)</p> <p>Билер: «Киіз басу» («Келіншек»</p> <p>халық күйі, өндеген Б. Дәлденбай)</p> <p>«Полька» (эстон халық биі)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>		
--	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	. Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	
Серуен	<p align="center">Наурыз Серуен-Бақылау №1</p> <p>Бақылау: Маусымдық өзгерістерді бақылау <i>Мақсаты:</i> — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p align="center"><i>Бақылау барысы</i></p> <p><i>Тәрбиеші:</i> <i>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.</i> <i>Жауған қарымен,</i> <i>... құнар береді. (қыс)</i> <i>Үлкендер қарбалас,</i> <i>... дән себеді. (көктемде)</i> <i>Бақ пенен бақшаны,</i> <i>... баптап өсіреді. (жазда)</i> <i>Дихандар жемісін,</i> <i>... жинап береді. (күзде)</i></p>	<p align="center">Наурыз Серуен-Бақылау №2</p> <p>Бақылау: Қайың ағашын бақылау <i>Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</i> <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай</i> <i>Көшетін әкеп қайыңның,</i> <i>Отырғыздым аулаға.</i> <i>Жіп-жіңішке жас шыбық,</i> <i>Өспейді деп ойлама.</i> <i>Жас шыбық өсіп толады,</i> <i>Әсем қайың болады,</i> <i>Сұғарып, күтіп, баптасам.</i> <i>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бұр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолалушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның</i></p>	<p align="center">Наурыз Серуен-Бақылау №5</p> <p>Бақылау: Бұлттарды бақылау <i>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</i> <i>Бақылау барысы</i> Көркем сөз «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсындар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсындар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?</p>	<p align="center">Наурыз Серуен-Бақылау №4</p> <p>Бақылау: Итті бақылау <i>Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;</i> — жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. <i>Бақылау барысы</i> Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай <i>Кіп-кішкентай күшігім,</i> <i>Сүйкімдісін өзінің.</i> <i>Еркелейді ойнақтап,</i> <i>Жылтырын-ай көзінің.</i> <i>Оратылып аяққа,</i> <i>Бір сәт тыным таппайды.</i> <i>Кел, достарым, жасқанба,</i> <i>Күшігім менің қаппайды</i> Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма? ♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсындар?</p>	

	<p><i>Тәрбиеші сұрақтары:</i> *Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемнің алдында қай мезгіл болды? *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? *Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін аңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) Еңбек Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.</p>	<p><i>жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.</i> Тәрбиеші сұрақтары: *Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? *Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? *Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? *Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? *Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? *Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты: өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.</p>	<p>Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.</p>	<p>◆ Күшіктің көңіл-күйі қандай? ◆ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ◆ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу. Мақсаты: - ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.</p>	
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>		<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп</p>

	шкафтарына орналастыру				шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	<p>Жеке баламен жұмыс:</p> <p>Жұлдызға қаламды дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Сурет салу</p> <p>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p>Жеке баламен жұмыс:</p> <p>Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Қарым- қатынас іс –әрекеті</p>		<p>Жеке баламен жұмыс</p> <p>Жұмбақ:</p> <p>Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)</p>	<p>Жеке жұмыс</p> <p>Жаңылтпаш айту:</p> <p>«Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ»</p> <p>«Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал»</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Қимылды ойын: «Кім жылдам?».</p> <p>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойыны:</p>	<p>Қимылды ойын: «Орамал тастамақ»</p> <p>Мақсаты: -ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту</p>		<p>Қимылды ойын: «Қасқыр қакпан».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>-белгі бойынша әрекет етуге баулу;</p> <p>-жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен</p>	<p>Қимылды ойын «Үйсіз қоян».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>—бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;</p> <p>—жылдамдыққа және шыдамдылыққа</p>

	<p>Орнында тұрып биіктікке секіру.</p> <p>Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.</p>			<p>секіруге жаттықтыру).</p>	<p>тәрбиелеу</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>		<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

--	--	--	--	--	--